

«Салтанат» бөбекжай-
бақшасы» МКҚК

Ата- аналарға арналған
ұсыныстар.



Тақырыбы: *Бала тәрбиесінде
ата- ананың жиі қолданатын
тәрбие стильдері*

Мекен- жайымыз: Петропавл қаласы
Брусилов көшесі- 44 үй
Байланыс телефонымыз:
8(715 2) 46-34-63

Бала тәрбиесінде ата-ананың жиі қолданатын тәрбие стильдері.

1. Авторитарлық
2. Демократиялық.
3. Бетімен кетушілік.
4. Қамқоршылық.
5. Хаотикалық.

Тәрбие стилінің басқа да типтері мол, осы жерде мен бала психикасына кері жағымсыз әсер ететін типтерге тоқталғым келеді: Бас тартуға қажет тәрбие типтері: 1. «Отбасы кумирі»; 2. «Аса өбектеу», 3. «Кешіккен қамқорлық», 4) «Кірпідей қолғап», 5) «Адамгершілік жауапкершіліктің мөлшерден тыс болуы» т.б.

1. «Отбасы кумирі».

Ø Баланы сүйеміз
Ø Баланың кез-келген тілегі-заң
Ø Балаға таң қалады, әрбір минут сайын бала бойынан талант көреді
Ø Бала барлық міндеттерден босатылған

2. «Аса өбектеу».

Ø Бала өз ойын білдіре алмайды, ересектердің кеңесіне құлақ асады.

Ø Ата-аналар балалардың әрбір қадамын айтып отырады және барлық жерде бақылау жасайды.

Ø Баланың төбесін көкке шығарып, вундеркинд дайындайды.

Ø Бала шектен тыс жұмысбасты, ата-аналарының үмітін ақтағысы келеді.

Ø Ерік-жігерсіз өседі, қарым-қатынас жасауда қиыншылықтар пайда болады.

3. «Кешіккен қамқорлық»

Ø Бала өз бетімен

Ø Өзін керексіз, артықпын деп сезінеді.

Ø Ата-ана уақыт өте келе баланың бар екенін естеріне түсіріп, көңіл аудара бастайды.

Ø Бала өзі туралы өз ойлауға мәжбүр болады, қызғаншақ болады.

4. «Кірпідей қолғап».

Ø Балаға бұйрықпен сөйлейді.

Ø Тек қана бағынушылық болады

Ø Бала мейірімділік пен жылулықты білмейді.

Ø Эмоциональды тұрғыда ашушаң, қарсы шығады.

5. «Адамгершілік жауапкершіліктің мөлшерден тыс болуы»

Ø Баланың жасына сай келмейтін жүк артылады

Ø Балаға отбасындағы кіші балалар мен қарт адамдарға қамқорлық көрсету тапсырылады.

Құрметті ата-аналар! Сіздер ойланып көріңіздер, осы тәрбие әдістерінің қайсысын қолданасыздар? Ойланып тез уақыт ішінде баламен қарым-қатынас жасау стиліңізге түзетулер енгізуге тырысыңыз. Қазір бала ылғалдылық пен жылуды қажет ететін кішкентай ғана тұқым болса, ертең ол Сізге оларды құртатын құрттары бар жемістер әкелуі мүмкін.